

**ШЖҚ «Облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем көрсету станциясы» МКК «Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ**

Жиналыс хаттамасы № 4

Балпық би ауылы

«5» наурыз 2024 жыл

**ТАҚЫРЫБЫ:**

«Жетісу облысының Денсаулық сақтау басқармасы» ММ ШЖҚ «Облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем көрсету станциясы» МКК-ның (бұдан әрі - Кәсіпорын) Жетісу облысы Көксу ауданы бойынша қосалқы станциясының жұмыскерлерімен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленген Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы компаенс-қызмет туралы үлгілік ереженің талаптарын сәйкес, жұмыскерлердің Еңбек кодексімен көзделген жұмыс ақысын төлеу (біліктілік санаты) бойынша тақырыбында.


**ҚАТЫСҚАНДАР:**

ШЖҚ «Облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем көрсету станциясы» МКК-ның Жетісу облысы Көксу ауданының қосалқы станциясының жұмыскерлері, осы хаттамаға №1 қосымшасындағы тізім бойынша, Кәсіпорынның директорының орынбасары Атанаев Д.С., кәсіпорынның компаенс – офицері М. Жасузаков.

**ТЫНДАЛДЫ:**

**Кәсіпорын директорының орынбасары Атанаев Д.С.:**

«Жұмыс атқарып отырған Кәсіпорынымызда заңға қайшы келетін әрекеттерді болдырмау үшін, сонымен қатар Кәсіпорында квазимемлекеттік субъект ретінде бекітілген нормативтық ішкі құжаттарға, яғни сыбайлас жемқорлық қарсы компаенс қызметі туралы ережелерінің талаптарына сәйкес быйлға, яғни 2024 жылдың басынан бастап біліктілік санаты бойынша төлем жасалмаған болатын. Себебі Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі, "SENIM" Денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы" республикалық қоғамдық бірлестігі, "AQNIET" Қазақстандық денсаулық сақтау қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы" қоғамдық бірлестігі, "QazMed" медицина және онымен сабақтас салалар қызметкерлерінің салалық кәсіподағы" республикалық қоғамдық бірлестігі мен Ұлттық денсаулық сақтау палатасы арасындағы 2023-2025 жылдарға арналған салалық келісімде көрсетілгендей, нақты келісімнің 13.2 тармағында 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап медицина қызметкерлерінің, оның ішінде біліктілік санаттарын беру туралы куәліктердің (бұдан әрі-куәліктер) қолданылу мерзімі өткен медицина қызметкерлерінің лауазымдық жалақысы 2015 жылдан кейін мамандарға берілген бұрын берілген біліктілік санаттары (жоғары, бірінші, екінші) ескере отырып есептеледі. Осы тармақта 2024 жылғада қолданылама деген сұрақпен, Жетісу облысы бойынша "SENIM" Денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы" республикалық қоғамдық бірлестігінің филиалына хат жолданған болатын. Сол хаттың жолдау себебі, егер заңнамамен былтырғы 2023 жылға қарағанда басқаша талаптар қойылса, біліктілік санаттар бойынша төлемдер



заңсыз болып, оларды қайтарылым ретінде жалақыдан шегерім (удержание) болдымас үшін істелген. Сол себептен осы жылдың басынан бастап біліктік санат бойынша төлем жасалмаған болатын. Қазіргі уақытта "SENIM" кәсіптің одағынан хатқа жауап келген болатын, сол хатта салалық келісімге сілтеме жасап 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап медицина қызметкерлерінің, оның ішінде біліктілік санаттарын беру туралы куәліктердің (бұдан әрі-куәліктер) қолданылу мерзімі өткен медицина қызметкерлерінің лауазымдық жалақысы 2015 жылдан кейін мамандарға берілген бұрын берілген біліктілік санаттары (жоғары, бірінші, екінші) ескере отырып есептеледі, сонымен қатар келісімнің 13.3 тармағында «Денсаулық сақтау қызметкерлерінің үздіксіз кәсіптік даму нәтижелерін растау қағидаларын бекіту туралы» Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № 283/2020 бұйрығына сәйкес медицина жұмыскерлерінің кәсіби өсуін ынталандыру мақсатында денсаулық сақтау жұмыскерлерінің үздіксіз кәсіби даму нәтижелері бойынша біліктілік деңгейлеріне мынадай қол жеткізу өлшемшарттар бойынша талаптар көзделген.

Сонымен қатар «Денсаулық сақтау саласындағы кәсіптік стандарттарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 46 бұйрығында бекітілген 56 кәсіптік стандарттары кадрларды аттестаттауды, сертификаттауды бағалау және біліктіліктілігін, дайындығын және мамандануын растау үшін негіз ретінде қолданылады.

Қазіргі таңда біліктілік санаты бойынша денсаулық сақтау саласында жаңадан құқықтық тетігі бекітілмегенше дейін біліктілік санаттарын беру туралы куәліктердің қолданылу мерзімі өткен медицина қызметкерлеріне төлемдері өзгеріссіз есептеле береді, олар салалық келісімнің критерияларына сәйкес келетін болса.»

Директор орынбасары: \_\_\_\_\_ Атанаев Д.С.

Комплаенс-офицер: \_\_\_\_\_ М.Жасұзақов

Танысты:

Директор:



Пак С.Г.